

# АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№25 (7862)  
Жұма  
24 маусым  
2022 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан  
shyğady

@ aktogai\_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

28 маусым – Байланыс және баспасөз саласының қызметкерлері күні

Құрметті Байланыс және баспасөз саласының қызметкерлері,  
қымбатты сала ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Біздің қоғамның маңызды белгісі – ар-ождан мен сөз бостандығы, бұқаралық ақпарат құралдарының ашықтығы мен тәуелсіздігі болып табылады. Дәл осылар адам құқын сақтау және шыншыл ақпарат алу мәселесінде шешуші рөл атқарады.

Бүгінде журналистің жұмысы маңызды және жауапты. Баспасөз қазірде демократиялық қоғам қалыптастыру мен қоғамдық санаға ықпал етуде мықты құралдардың бірі.

Бұқаралық ақпарат құралдарының еліміздің саяси-экономикалық, қоғамдық өміріне ықпал етуіндегі рөлінің артып отырған жағдайында біздер сіздердің кәсіби шеберліктеріңізге, адалдық және хабарларыңыздың объективті болуына сенеміз. Ауданымыздың айнасы болып отырған «Ақтоғай аяғу» газетінің сапасын жақсартуда үлкен жетістіктерге жете беріңіздер!

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға бақыт, береке, жаңа шығармашылық ізденістер мен табыстар тілейміз. Қаламдарыңыз үшкір, ойларыңыз үшқыр болсын. Халық игілігіне атқарып жатқан еңбектеріңіз алға басып, жемісті еңбекке жете беріңіздер!

Аудан әкімі  
С.Әбеуова

Мәслихат хатшысы  
Р.Әбеуов

24 маусым – Судья және сот қызметкерлері күні

Құрметті судьялар және сот жүйесінің қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мереке – Судья және сот қызметкерлері күнімен құттықтаймын!

Биыл алғаш рет атап өкелі отырған кәсіби мерекеміз сот жүйесіндегі түбегейлі өзгерістермен тұспа-тұс келіп тұр. Үкіметтің 2022 жылғы 31 наурызындағы №183 қаулысымен 24 маусымнан бастап біз жаңа кәсіби мерекемізді – Судья және сот қызметкерлері күнін атап өтеміз.

Бұл мереке елімізде алғаш рет атап өтіледі. Тәуелсіздік жылдарында елімізде биліктің толыққанды құқықтық сот тармағы құрылды. Азаматтар мен олардың бостандықтарын қамтамасыз етуде, зандылықтың салтанат құруында судьялар қауымдастығының еңбегі зор.

Сот жүйесін жетілдіру шеңберінде IT-технологиялар мен сот сервистері қолданыста. Сот академиясы дамып келеді, сот актілерінің сапасына қойылатын талаптар күшейтілді. Сондықтан, сот жүйесін одан әрі жетілдірудегі басым бағыттардың бірі және бірегейі – соттың ашықтығы, жариялылығы, сол арқылы халық пен сот арасында екіжақты байланысты қалыптастыру болып қала бермек.

Тұңғыш кәсіби мерекеге орай барша судьяларды және сот саласының барлық қызметкерлерін шын жүрегімен құттықтаймын. Сот жүйесінің болашағы жарқын, мақсаты айқын, абыройы биік болсын! Сіздерге зор денсаулық, толағай табыстар мен жетістіктер тілеймін.

Ақтоғай аудандық сотының төрағасының м.а.  
С.Рысжанов.

Ақорда

## Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысына қатысты



Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде, ең алдымен жиынға арнайы шақырылған делегаттарды құттықтап, Ұлттық құрылтайдың алғашқы жиыны бабалар салған дәстүр бойынша Ұлытауда өтіп жатқанын айтты.

Мемлекет басшысы ең бірінші кезекте республикалық референдумда үлкен өзгерістерге ниет білдірген, дауыс беріп қолдаған халыққа зор алғысын жеткізді.

– Отбасымен барып, ел болашағына бей-жай қарамайтынын көрсетті. Шынайы өзгеріске және жан-жақты жаңғыруға деген ұмтылысын білдірді. Келешегіміздің жарқын боларына үміті және сенімі зор екенін байқатты. Еліміз ертеңгі күнге мызғымас бірлікпен қадам басуға дайын екенін анық аңғартты. Көпшілік Ата Заңға өзгерістер енгізу туралы менің бастамамды қолдады. Дауыс беруге қатысқан барша азаматтарға зор алғысымды айтамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бұдан былай барша еліміздің жаңаратынын айтты. Алайда, Жаңа Қазақстан бір күнде немесе бір жылда құрылмайтынын атап өткен Қасым-Жомарт Тоқаев ол үшін үлкен-кіші, жас-көрі бәрі бір кісідей жұмылып жұмыс істеп, ерінбей еңбек етулері керек екенін тоқталды. Мемлекет басшысы елді бір

іске ұйыстыру мақсатымен Ұлттық құрылтай шақыру туралы бастама көтергенін айтты.

– Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдаса отырып, бір тоқтамға келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген. Төл тарихымызда ұлт тағдырын шешкен құрылтайлар болған. Оның көбі халқымыз үшін маңызды кезеңде өткізілген. Талас құрылтайынан кейін Алтын Орда дербес мемлекет болды. Қарақұм және Ордабасы құрылтайлары жұртымызды ел қорғауға ұйыстырды. Орынбордағы бірінші қазақ құрылтайында Алаш партиясы құрылды. Екінші құрылтайда Алаш автономиясы жарияланды. Егемендік кезеңінде Дүние жүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы өткізілді. Бұл жиында сырттағы қандастарымыз атамекенге шақырылды. Біз бабалар жолын ұстанып, Құрылтай шақыру дәстүрін жаңғырттық. Елдігімізді нығайтып, бірлігімізді бекемдейік деп, бүгін бас қосып отырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы  
3-бетте).



Аудан өмірінің айнасы

## «АҚТОҒАЙ АЖАРҮ»

Газетке 6 айға жазылу бағасы:  
Жеке жазылушылар үшін – 1957,60  
тенге;  
Аудандық «Ақтоғай аяғу» газетіне 2022 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр.  
мекеме, ұжымдар үшін – 2457,60 тенге.

Газетке «Қазпошта» аудандық бөлімшелері арқылы жазылуға болады.

Аудан өмірінің айнасы, тол газетіңізбен алдағы уақыттарда да бірге болыңыз, ағайын!

Қазақ халқы үшін ұлт ұясы атанып кеткен Ұлытауда Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысының өтуі өте құптарлық жағдай дегуге негіз бар. Өйткені, Үш жүздің басын қосқан, тарихпен тамырлас өңірде қазақ елі үшін талай-талай ең маңызды шешімдер қабылданғанын тарихтан жақсы білеміз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа арнаған Жолдауында да Ұлытаудың тәуелсіз Қазақстан үшін орны бөлек өңір екенін атап өткен болатын.



Ұлттық құрылтай

## Өзгерістердің оң нышаны

Расында да, солай екеніне ешкім күмән келтірмес.

Елдің басын біріктірген алқалы отырыста үлкен идеялар, маңызды пікірлер айтылды. Ел басына күн туғанда ата-бабамыз осы жерге жиналып, елдік мәселелерді шешкен. Тіпті, гәсаяси мәселелерді де күн тәртібіне шығарған деп айтуға болады. Алтын Орданың құрылуына себепші болған да осындай құрылтай. Ұлттық құрылтайдың құрылғаны еліміз үшін ең маңызды әрі тарихи оқиға деп толыққанды айтуға болады. Өйткені, Президент жанынан құрылған бұл консультативтік органның мақсат-міндеттері дала демократиясының қағидағарына сай келіп тұр. Жалпы, мұндай басқосуларда елдік мәселелер назардан тыс қалмайтыны әлімсақтан аян. Неге десеңіз, тарихтан тамыр тартқан шаһардағы Ұлттық құрылбайдан әлжумет маңызды шешімдер күтетіні айтпаса да

түсінікті.

Бір белгісі, үлкен ауқымдағы құрылтай ішкі және сыртқы саясатты түгелдей қамтитыны талас тудырмайды. Елімізден бастап, халықаралық деңгейдегі мәселелер қай кезде де маңызды. Қалай десек те, бірінші кезекте адам құқықтарын қорғау, әлжуметтің жағдайын оңалту, мемлекеттің тұрақтылығын қалыптастыру, ұлттық қауіпсіздік мәселелеріне дейін қамтылуы орынды.

Ұлттық құрылтайда өзекті мәселелер айтылып қана қоймай, қоғамдағы келеңсіздіктердің оң шешім табуына септеседі. Қысқасы, Қазақ елі үшін тағдыршешті кезеңде қолға алынған Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысы мемлекеттің, елдің болашағының жарқын болуына жол ашса деген тілек бар.

**Ж.Тәжібаев,**  
ауданның Қоғамдық кеңесінің мүшесі.

## Жауапкершілік жүгі жеңіл емес

Киелі Ұлытаудың топырағында, Жошы хан тарихи-мемориалды кешенінде өткен Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысынан түйген ой-тұжырым көп. Құрылбайдан көптің көкейіндегі көп түйткілге жауап алдық.

Осындай мемлекеттік деңгейдегі аса маңызды саяси іс-шараның Сарыарқаның төрінде – қазақтың хан-сұлтандарының ізі қалған сайын даланың төсінде өткізілуінің мәні тереңде жатыр.

Ерте заманнан құрылтай ел тағдыры шешілетін аса маңызды оқиғалар алдында шақырылған. Ұлттық құрылтай Жаңа Қазақстанды құруға тұтас елді жұмылдыру үшін құрылды.

Бұл құрылтай – Әділетті Қазақстанды құруға қажетті батыл да жасампаз идеяларды ұсынатын орта болса, Ұлытау – Президент айтпақшы, Жаңа Қазақстанды құру жолындағы бірліктің символына айналды.

Ұлттық құрылтайдың өзі – қазақстандық қоғамның демократиялық қағидалармен өмір сүре бастағанын аңғартады. Президент оның электронды нұсқасын жасауды тапсырды. Енді Qurgultau деген арнайы мобильді қосымшасы арқылы кез келген адам Әділетті Қазақстанды құру жолдары туралы өз ұсынысын жеткізе алады. Бұл – Жаңа Қазақстанда әрбір азаматтың ой-пікірі маңызды деген сөз.

Осы жолы Президент «халық үніне құлақ асатын мемлекетке» айналғанымызды көрсетті. Оның дәлелі – Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзінде қазіргі кезде қоғамдық пікірді алаңдатқан өткір мәселелердің барлығына дерлік жауап берді.

Әулиетаудың етегінде Мемлекеттік рәміздер алаңын ашу туралы ұсынысы – Көк туымыздың қадірін қашырған оқиға туралы қоғамдағы соңғы талқылауларға жауап. Ал, 25 қазанды Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтарып, Егемендік күні деп белгілеу туралы шешім – көзі қарақты азаматтар көптен бері айтып жүрген мәселе.

Бұдан бөлек, ұлттық тарихтың көптомдығын әзірлеу, зияткерлік қабілеті жоғары, ойы ұшқыр, еңбекқор жастар тәрбиесін жолға қою, Тіл білімі институтына қазақ тілінің жаңа орфографиясы туралы арнайы еңбек әзірлеуді тапсыру – қоғамдық сұраныстан туындаған шешімдер.

Ал, «Қазақ мемлекеті аман тұрғанда, қазақ тілі жасай береді. Бұған ешқандай күмән болмауы керек» деген сөзі – қоғамдағы ең үлкен түйткілдердің біріне тойтарыс беруі.

Шетелге заңсыз шығарылған қаржыны елге қайтарумен айналысатын арнаулы мекемеаралық комиссия құру туралы шешім әділ қоғамдағы баршаға тең қарау қағидасымен үйлеседі. Президент «ескі Қазақстанның» кадрларын біртіндеп ауыстыру туралы да астарлап айтып өтті.

Ұлттық құрылтай құрамындағы өмірлік ұстанымдары берік, еркін ойлы, ұлтты сүйген азаматтар қоғамға зор өзгерістер әкелуге игі ықпалын тигізеді. Ұлттық құрылтайдың Ұлытаудан бастау алуының тарихи мәні зор, маңызы ерекше. Осы жерде Жаңа Қазақстанның жаңа бағыттары, тың бастамалары шешімін табады деп сенемін.

**А.Мусина,**  
**Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебінің мұғалімі.**

ҚР Мемлекеттік рәміздеріне – 30 жыл

## Рәміздерім – елдігімнің белгісі

Өзгемен иық тіресіп, бәсекеге қабілеттілік артқан мына заманда өзіне тиесілі дүниенің болғанынан артық бақыт бар ма?! "Алаш туы астында", "Бөрілі байрақ" тіркестерінің қолданыста жүргеніне де мыңжылдықтың жартысы болғаны белгілі. Бүгінгі Қазақ елінің, дербес мемлекеттің рәміздері не?!

**1. Көк тәңірдің сыйы – Көк ту.**

**2. Елдіктің нышаны – Елтаңба.**

**3. Әлемге танытар – Әнұран.**

Рәміздерді сөз еткенде "ұлттық" сөзі ойға оралады. Ұлттық рух, ұлттық болмыс, ұлттық сана... Қай рәмізді алсақ та, ұлттық нақыштан аспаған. Тудың түсі, қалықтаған қыран бейнесі, жарқыраған күн мен одан сәулелдей таралған 32 шуақ, тігінен салынған ою-өрнек, бәрі-бәрі бір-бірімен астасқанда ұлттық көрінісімізден бірден хабар береді. Елдіктің нышаны саналатын Елтаңба ассоциациясы да ерекше. Шаңырақ, қанатты пырақ, жұлдыз бір-бірімен үйлесім тапқан.

Қандай ел болмасын өз рәміздерімен заң-жарлықтарымен мақтанады. Алайда, оның тереңіне бармай, құр мақтану – ұят. Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков. Автордың тың туындысы 600 жоба арасынан көзге түсіп, жоғары кеңесте талқыланды. Күн – жарқын болашақтың, күннен тараған әр шапағат, шуақтың – молшылық пен аманшылықтың белгісі. Дала қыраны кендік пен зеректікті білдіреді. Дала адамдары үшін бұл азаттық, тәуелсіздікке, мақсатқа, биікке, болашаққа ұмтылудың символы. Оюлар қазақы элементтің бірден-бір көрінісі.

Елтаңба авторы – Ж.Мәлібеков пен Ш.Уәлиханов. Шаңырақ – қазақ ұғымындағы ең қасиетті де қадірлі символ. Жақсылыққа алғыс ретінде де "шаңырағың биік болсын", "шаңырағың шайқалмасын" сынды тіркестер қолданылатыны белгілі. Бір шаңырақтың астында бірнеше ұлттың тату-тәтті ғұмыр кешуі де көптің қолынан келе бермейді. Қанатты қос пырақ – қазақ санасындағы ертеден келе жатқан қиял. Бұл жерде де еркіндік, егемендікті ерекше айтығы келген болуы керек. Елтаңбаның жоғарысында тұрған жұлдыздың да өзіне төн кең ұғымы бар. Қазақта "жұлдызың жансын", "жұлдызың жарқырасын" деген тіркестердің де барын білеміз.

### Рәміздер туралы қызықты деректер

Елтаңба көрінісі Қазақстан Республикасының азаматының кез келген құжатында болады. Тууы туралы куәліктен бастап зейнетақы кітапшасына дейін Елтаңбаның белгісі қолданылады.

Ту үнемі оң жаққа қарай желбіреуі керек. «Герб» сөзі неміс тілінен аударғанда «гербо» мұра деген мағынаны білдіреді. Бұл біздің «таңба» сөзімен мәнделес.

Тубегі. Ерте замандарда осындай ресми атақ, жоғары мәртебелі қызмет болған. Жоңғар жаугершілігіне қарсы алдында бас әмірші болып Әбілқайыр хан, ал тубегілігіне бас сардар Бөгенбай батыр сайланған. Мұндай шешім Ордабасындағы ұлы жиында қабылданған.

Мемлекеттік тудың айналасында 32 күн сәулесі бар.

Қазақстан Республикасының жаңа

Әнұраны бірінші рет 2006 жылы 11 қаңтарда Мемлекет басшысының салтанатты ұлықтау рәсімінде орындалды. Туда түстер де арнайы мағынаға ие. Ту түстерінің мағынасын ашуда XVII ғасырдың танымал француз таңбатанушысы П.Асельмнің кестесі жиі қолданылады. Кесте бойынша көк түс адалдықтың, бейбітшілік пен тұрақтылықтың, береке-байлықтың белгісі болып саналады.

Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібеков елтаңбаны жасауда киіз үйдің құрылымын негізге ала отырып жасаған.

Елтаңбада бейнеленген пырақтардың мүйізінде жеті сақина бар. Ол – «жеті ата» мағынасында қолданылған. Қазақ үшін 7 саны ескіден қасиетті сан болып саналады.

Кез келген мемлекеттік мекеменің мандайшасында ҚР Туы болуы тиіс.

Кезінде қазақ халқын құраған ру-тайпалардың өз ұрандары болғаны белгілі. Олар бір сөзден тұрады. Көбіне аруақты аталар мен аналардың атына құрылған. Ал бар қазаққа бірдей елұран «Алаш» болатын. Тағы бір ортақ ұран – «Аруақ» сөзі. Мұндай елұрандар қазіргі Әнұранның басы болса керек.

1943 жылы Қазақ КСР-ның алғашқы Мемлекеттік Әнұранын жасауға байқау жарияланған болатын. Соңғы нұсқасы ретінде М.Төлебаев, Е.Брусиловский мен Л.Хамидидің әуеніне жазылған Ә.Тәжібаев, Қ.Мұқамедханов, Ғ.Мүсіреповтің мәтіні қабылданған.

1992 жылы қабылданған Әнұран 750 жоба ішінен таңдалып алынған.

1992 жылдың 4 маусымында қабылданған әнұранның 7 авторы бар. Әнұранның сөзін М.Әлімбаев, Қ.Мырзаліев, Т.Молдағалиев, Ж.Дәрібаева жазды. Ал, Әнұран музыкасының авторлары: М.Төлебаев, Л.Хамиди, Е.Брусиловский.

1992-2006 жылдары қолданылған әнұран 3 шумақ, 3 қайырмадан тұрған.

ҚР Туының авторы Шәкен Ниязбеков 1992 жылы Қазақстан, ТМД, Түркия, Германия, Моңғолия елдерінен 1200-ге тарта суретші қатысқан конкурста жеңіп шыққан.

Шәкен Ниязбеков кеңестік кезеңде «Волга» автокөлігінің дизайнын жасаушылардың құрамына қатысқан.

Қазақстан Республикасының Туының өлшемі – 1:2.

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап Елтаңба жасаудың жаңа стандарттары қабылданған.

Елтаңбада шаңырақты көтеріп тұрған 72 уық бар. Ол «Бір ел, бір халық, бір мақсат» тұжырымдамасы негізінде жасалған.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының авторы – Жандарбек Мәлібеков «Өзбекстанның еңбек сіңірген сәулетшісі» атағының иесі.

Қазақстан Республикасының заңнамалар жинағында рәміздерге арнайы 3 бап берілген.

Қазақстандағы ең үлкен ту Астана – «Атамекен» этномемориалдық кешеніндегі Мемлекеттік рәміздер алаңында орналасқан. Биіктігі – 111 метр. Кешен 2009 жылы салынған.

(Деректер ғаламтордан алынған).

# Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысына қатысты

(Соңы. Басы 1-бетте).

Президент Құрылтайды ұлы бабалар кеңес құрған Ұлытаудан бастап отырғанының мәнін түсіндірді.

– Ұлы даланың төрінде тұрған Ұлытау талай тарихи оқиғаның куәсі болған. Ел тағдырын айқындаған көптеген маңызды кеңестер дәл осында өткен. Киелі өлкеде Алтын орда әміршілері мен Қазақ хандарының ізі қалған. Біз ұрпақтар сабақтастығы жалғасын тапсын деп осы жерге келіп отырмыз. Ұлт ұясы – Ұлытаудың ғасырлар бойғы ұлы миссиясы қайта жалғасын тапты, –



деді Президент.

Ұлттық құрылтайдың құрамында 117 адам болады. Құрылтай барлық облыстың, сан түрлі саланың, әр буынның өкілдерін камтиды. Мұнда азаматтық ұстанымы бар орта буынның тәжірибесі, жаңаша ойлайтын жастардың тың идеялары ортаға салынады.

Мемлекет басшысы ел бірлігін нығайтатын, қоғамды ұйыстыратын тың идеялар орталығы болатынына сенім білдірді. Сөйтіп, алты Алаштың баласы жиналған алқалы жиында алғашқы тапсырмасын да берді.

– Бұл жерде барлық рудың таңбасы тасқа жазылған. Сол арқылы бабаларымыз ұлт бірлігін көрсеткен. Қаныш Сәтбаев «Еліміздің ту тіккен жері – Таңбалы тас» деген. Өкінішке қарай, қастерлі жазулар кейін әбден бүлінді. Ел азаматтары Ұлытауға ескерткіш қойып, тастағы таңбаларды жаңғыртты. Бірақ, бұл жеткіліксіз деп ойлаймын. Мұнда қазақтың бірлігін әйгілейтін сәулетті нысан тұруы керек. Мен Әулиетаудың етегінде Мемлекеттік рәміздер алаңын ашуды тапсырамын. Қасиетті өңірде көк байрағымыз асқақтап тұруға тиіс. Сол арқылы ұрпақтар сабақтастығы жалғасып жатқанын көрсетеміз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Ұлттық құрылтайдың ең басты міндеті – ұлтты ұйыстыратын парасатты, тың идеялар мен ұсыныстарға айрықша мән берілуі керек. Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтай жұмысы барысында басшылыққа алынуы тиіс үш негізгі мәселені атады.

– Бірінші. Жалпыұлттық бірлікті нығайту. Ең алдымен, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға айрықша мән беруіміз қажет. Сонымен қатар, қоғамды алға жетелейтін құндылықтарды қалыптастыруымыз керек. Біз орнықты демократиялық институттар құрамыз десек, саяси жауапкершілік мәдениетін дамытуымыз қажет. Шын мәнінде, нағыз отаншылдық қасиетті қалыптастыруға тиіспіз. Сонда радикализм мен экстремизмге тосқауыл қоямыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы елдің ең басты құндылығы егемендік екеніне назар

аударып, қантар оқиғасынан кейін Қазақстанда саяси белсенділік артқанын атап өтті. Жаңа саяси партиялар мен қозғалыстар пайда бола бастағанын, түрлі алаңдарда әртүрлі пікірлер айтылып жатқанынан хабардар екенін айтты.

– Қоғам белсенділері әлеуметтік желіде түрлі мәселелерді көтеріп жүр. Шыны керек, кейде мүлде ақылға сыймайтын пайымдар да айтылады. Жұрт даулы мәселелерге наразылық білдіріп, көшеге шығатын болды. Занды белден басатын азаматтар да жоқ емес. Біртіндеп демократия жолына түсу кезінде мұндай жағдайлардың болуы – түсінікті. Бірақ, заң талабы мүлтіксіз орындалуға тиіс екенін әрдайым есте ұстау қажет. Заң мен тәртіп – ішкі тұрақтылықтың бірден-бір кепілі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, ұлтты ұйыстыратын бірінші қасиет атақсұмарлық емес, еңбекқорлық.

– Отбасын асырау үшін табанды еңбек етіп жүрген, заңға бағынатын адамдар құрметке ие болу керек. Өкінішке қарай, бізде көше бұзақылары, жауапкершіліктен жүрдай блогерлер және масылдық пиғылдағы айқай шығаратын адамдар бүгінгі күннің батырына айналды. Депутаттар мен атқарушы билік өкілдері соларға ғана баса мән беретін болды. Түрлі деңгейдегі шеңуніктер солардың ғана талабын орындауға жүгіреді. Орталықтағы және аймақтардағы билік барлық азаматтың мұң-мұқтажына бірдей қарауға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жүргізіліп жатқан реформалардың мән-маңызын халыққа дұрыс түсіндіруді екінші маңызды міндет ретінде атады. Қазір бұл жаңғырулар біртіндеп жалпыұлттық сипатқа ие бола бастаған. Мемлекет басшысы халықтың жаңа технологиялар арқылы ауқымды реформаларға қатысуын үшінші маңызды міндет ретінде атады.

Құрылтай – белгілі бір адамдар ғана бас қосатын жер емес. Ол шын мәнінде, жалпыұлттық жиынға айналуы керек. Бұл – өте маңызды міндет. Біз Жаңа цифрлық технологияның мүмкіндігін кеңінен пайдалануымыз қажет. Сонда мемлекет пен халықтың қарым-қатынасы барынша тиімді болмақ. Мен Құрылтай деген арнайы мобильді қосымша әзірледі ұсынамын. Сол арқылы халық елді жаңғырту туралы ой-пікірін онлайн режимде айта алады. Жұрт реформаның нақты пайдасын көруі қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне де өзгеріс енгізген жөн деп есептейді. Мәселен, Тәуелсіздік мейрамының мәнін өзгертпестен, кейінгі жылдары атаусыз қалған Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынды.

– 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің Тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды рөл атқарды. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек.

де бұрынғы режимнің шеңуніктері мемлекеттік қызметін жалғастырған. Бұл елдермен салыстырғанда біздегі жағдай, әрине, мүлде басқаша. Жалпы, мемлекеттік қызметшілерді қолынан түк келмейді деп кемсітуді доғару керек. Тіпті, оларды «Халық жаулары» сияқты көретіндер бар. «Шеңунію» деген сөз жағымсыз ұғымға айналып барады. Бұл – дұрыс емес. Мемлекеттік қызметте адал әрі білікті кадрлар өте көп. Олар Отанымыздың игілігі жолында тынбай еңбек етіп жүр. Бірақ, өкінішке қарай, «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» деген де бар. Ондай адамдармен біз бірден қоштасып жатырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ тілінің мәртебесіне де тоқталды.

– Мемлекеттік тілдің тұғыры күн өткен сайын нығайып келеді. Оған қоса, әлемнің басты ақпарат құралдары қазақша шығып жатыр. Жақында әйгілі «APPLE» компаниясы қазақ тілін iOS-тың тілдер жүйесіне қосты. Әлемнің 40 тілінде тарайтын «NICKEL ODEON» телеарнасы қазақша көрсетіле бастады. Жастардың бастамасымен «NATIONAL GEOGRAPHIC» журналы 6 жылдан бері ана тілімізде жарық көруде. Осындай көптеген жағымды жаңалықтар бар. Сондықтан, қатты алаңдауға негіз жоқ деп ойлаймын. Десек те, осы саладағы жұмысымызды даңғазға жасамай, табандылықпен жүргізуіміз қажет. Қазақ мемлекеті аман тұрғанда, қазақ тілі жасай береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында осыған дейін қазақ қоғамын толғандырған



Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ, Тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда, әсіресе, әлеуметтік желілерде көп талқыланып жүрген кадр, яғни мамандар мәселесіне назар аударды.

– Әлеуметтік желіде «Ескі кадрмен Жаңа Қазақстанды қалай құруға болады?» дейтіндер бар. Бұл – орынды сұрақ. Бірақ, негізінен кадрларды біртіндеп ауыстыру керек. Тіпті, кезінде Ресейде, Қытайда, Иранда болған революциялардан кейін

келелі мәселелердің бәрі Ұлытауда, Ордабасыда, Мәртөбеде, Құлтөбеде өткен осындай кеңестерде шешілгенін айта келіп, Ұлттық құрылтайдың келесі жиынын Түркістанда өткізуді ұсынды.

Жиында Мемлекет басшысынан бөлек Ұлттық құрылтайдың 10 мүшесі сөз сөйледі. Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин құрылтайды жүргізді.

Құрылтай отырысының соңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі ақын Мұхтар Шахановқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беріп, «Отан» орденін тақты.

Ауылым – алтын бесігім

# Ауылда өткен алқалы жиын



Ауыл – қазақы тұрмыстың, гадет-ғұрыптың түп қазығы. «Ауыл – ел бесігі» деп те тәмсілдеп жүрміз. Алайда, соңғы жылдары еліміздегі ауылдардың басым көпшілігі қартайып барады. Тура мағынада. Қай ауылға ат басын тірессеніз де, «осы арадан бір уыс топырақ бұйырсын» деген қариялар мен бюджеттік мекемеде қызмет жасайтын ортаңғы буын өкілдерін жүздестіресіз. Қарашанырақтың отын өшірмейін деп қарт ата-анасына қарайлап отырған немесе агроөнеркәсіптің шылауына ұстаған бір-саран жастар болмаса, өзгесі қалаға үдере көшкен. Ауылда жас отбасылар аз болғандықтан, тиісінше бала туу процесі де баяу жүреді. Ақ ол дегеніміз балабақша мен мектептегі бала санының жетіспеушілігіне әкеп соғады. Осылайша, бір мәселенің

салдары екінші бір салаға салқынын тиігізеді. Өткен аптада Шабанбай би ауылында жоғарыда аталған түйткілердің алдын алуға негізделген «Туған жерге туың тік!» атты кіші құрылтай өтті. Ауылдың болашағына алаңдаушылық білдіріп, күні бұрын қамданып, сыртта жүрген ауыл азаматтарының басын бір арнаға тоғыстырған жаңа тағайындалған ауыл әкімі А.Мұрасов аталмыш шараға мұрындық болды. Көшпелі ой, аталы сөз айтылған алқалы жиынға сол ауылдан қанаттанып, бүгінде еліміздің әр өңірінде бір-бір саланың тізгінін ұстап отырған ауылдастар қатысты. Жиынды ауылдық мешіт имамы А.Хасенов жүргізіп, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қатысушыларға сөз кезегін ұсынып отырды. Алғашқы болып ауыл әкімі А.Кәкімұлы

баяндама жасады. Баяндамада ауылдың арғы-бергі тарихына қысқаша тоқталып, өлкенің әлжүметтік-экономикалық ахуалын тілге тиек ете отырып, осынау құрылтайды өткізуге себеп болған басты мәселе – ауыл мектебін сақтап қалу, Ө.Бөкейхан атындағы қор құру және ауылдың қай жылы құрылғанын анықтап, ауыл туралы кітап жазу сынды ұсынысын ортаға салды.

Көтерілген мәселелер бойынша қатысушы қауым мінберге шығып өз ой-пікірлерімен бөлісті. Мектепке бала тарту түйткілі жөнінде Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ақын М.Сейдахмет: «Ауылдық округтің басым бөлігін шаруа қожалықтары алып жатыр. Ырзық-нәсібесін осы ауылдық жерден теріп жеп отыр. Ақ сол шаруа қожалығы жетекшілерінің балалары қаладан оқуда. «Алмақтың да салмағы бар». Сол қаладағы балаларды ауылға қайтару керек» – деген ұсынысын айтты. Сонымен қатар, Қарағанды университетінің ғалымы, академик Ж.Смағұлов ауыл іргетасының қаланған жылы туралы: «Ауыл тарихының тамыры тым тереңде жатыр. Алайда, тап басып мына жылы құрылды деп айту қиын. Әлі де болса архивтерді ақтарып, нақтылау керек», – деді.

Құрылтайға қатысушылар «Ө.Бөкейхан атындағы қордың» құрылуын бір ауылдан қолдайтынын жеткізді. Бұл істе тәжірибесі бар белгілі журналист, қоғам белсендісі Л.Қожахметова қор құрудың заңдылықтары мен мүмкіншіліктері жөнінде жіпке тізгендей жан-жақты жеткізді. Жалпы, қор құру қолма-қол жүзеге асатын іс емес. Ол үшін қаншама құжаттама, едәуір уақыт қажет екен.

Сондай-ақ, ауылдың Атымтай азаматы, кәсіпкер А.Төрбеков ауылдың инфра-құрылымының сызбасын өз мойнына

алатынын айтты.

Бұдан бөлек алыстан ат арылтып арнайы келген, құр келмей ой түйіп, ауылды сақтап қалудың тоқсан түрлі амалдарын қарастырып келген барлық қатысушылар мінберге көтеріліп, ойларын жеткізді.

Кіші құрылтайдың түйіні мынадай: мектептегі бала санын көбейту үшін кейінгі жылдары атамекенге қоныс аударып жатқан қандастарымызды көшіріп әкеліп, бастарына баспана беріп, мал-мүлікпен қамтамасыз етілмек. Және де ауыл мектебін тәмамдаған оқушыларға Ж.Смағұлов ҚарУ-ден арнайы грант алып беретінін жеткізді. Ақ ауыл тұрғысындағы кітап маңызына қарай тарауларға бөлініп, әр тарауға қатысты дерек-дәйек жинау жекелеген тұлғаларға міндеттелді. Сонымен қатар, ауыл ішінде Шабанбай би бюсті орнатылып, саябақ ашу жоспарланды. Саябаққа ауыл тумасы, ел ағасы болған белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Конституциялық Кеңесінің мүшесі, заңгер Қ.Әбішевтің есімі берілетін болып шешілді.

Шабанбай би ауылындағы құрылтайдан «Туған жерге туымды тігемін» деген, ауыл болашағына бей-жай қарай алмайтын азаматтардың бар екенін аңғардық. Хакім Абайдың 37-ші қара сөзі былай деп басталады: «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінбеді, қалайша бітіргендігінен емес». Ендеше, біз де «кіші Отанның» отын өшірмеймін деген ауылдастардың істі қалайша бастағанына куә болдық.

Е.АЙТЖАН,  
Шабанбай би ауылы.

## «Жақсының аты өлмейді...»

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демей ме дана халқымыз. Бүгінде жанына шуақ шашып қана қоймай, игі істер атқарып жүрген азаматтарымыз да аз емес. Сондай көпке үлгі болар үлкен бастама тұңғыш рет нар тұлғалы Нарманбет ауылында Қанат Ордабаев пен Нұрғабұл Жасымханнның ұйымдастыруымен, ауыл әкімдігінің қолдауымен Нарманбет ауылының тумасы, Ақтоғай өңірінің құрметті азаматы, аудандық мәслихаттың үш мәрте шақырылымының депутаты Рымхан Жақыпбайұлы Жақыпбаевты еске алуға арналған волейболдан аймақтық турнир өткізілді.

Турнирге аудан, ауыл азаматтары, мектеп әкімшілігі қолдау білдіріп, жүйелі өтуіне зор ықпал жасады. Аталмыш іс-шараға Ақтоғай ауданына қарасты елді мекендердің спортшылары тартылды. Жалпы 9 командадан тұратын спорт сүйер қауым өзара бақ сынасты.

Турнирді ауылымыздың ардақты ұлдарының бірі Асқар Төлұханов жүргізді. Кешімізді Ақмарал Кемелбекова жетекшілік ететін «Голд-Шоу» би ансамблі өрледі. Сондай-ақ, іс-шара Манарбек Ержанов атындағы мектепте болғандықтан, аудандық, қалалық, облыстық ән байқауларының бірнеше



## Алғыс артық етпейді

мәрте жеңімпазы, дәстүрлі әндерді орындаудың майталманы Жасымхан Нұржан Манарбек Ержановтың «Жұмысшылар», «Сайра, бұлбұл» әндерін нақышына келтіре орындап, ауыл тұрғындарын бір марқайтты. Алғашқы құттықтау сөзді ауыл әкімі А.Имангазин бастап, ауылымыздың үлкен аға-буындары А.Беделбаев, Н.Таутанов, Е.Жұманбаев және Тиішкен анамыз құттықтау лебіздерін білдірді. Әулетіміздің үлкендері Д.Жаппарбекова, Ж.Бекежанов ұйымдастырушыларға алғыс білдіре отырып, спортшыларға сәттілік тіледі. Турнирдің арнайы қонағы С.Қасымбеков, қызметтес әріптестері М.Жарылғап, Ж.Азимбаев сынды азаматтар Рымхан әкеміздің жақсы істерін жарыса айтып, ерөн еңбектерін төгіптеп, «ауылдың Атымтай жомарты еді» деп ішкі толғаныстарын жеткізді. «Жақсы әке – баласына қырық жыл азық» демекші, ел-жұрттың әкеміз туралы жағымды пікірлері барша тұрғындарына қуаныш сыйлады. «Әкен өлсе де, әкенің көзін көрген өлмесін» деген осы болар-ау, сірә?!

Үлкен істің бастамасына мұрындық болып жүрген Қ.Ордабаев әрі қарай спортшыларды ойын ережесімен таныстырып, сәттілік тіледі. Қарағанды қаласынан төрешілер келіп, Насыров Асылжан, Танатаров Абылайхан атты азаматтар ойынға төрелік жасады. Күндізгі 11.00-ден басталған ойын түнгі

22.30-ға дейін жалғасын тапты. Бір қуантарлығы, волейболшы жастардың құлшынысы ерекше болды. Жастардың бойындағы патриоттық сезім, ұлтжандылық, отансүйгіштік, намыс, жігер, өрлік, ерлік, табандылық, қайсарлық, ерекше көңіл-күй Рымхан әкеміздің бойындағы асыл қасиеттермен ұштасқандай болды. Өзі салған сара жолдың үлгісі іспетті турнирге келген барлық спортшылар төзімділіктен, мәрттіктен, тектіліктен айрықша символын көрсете білді.

Сол күні алыс-жақыннан келген қонақтарымызға дастархан жайылып, Рымхан әкеміздің рухына Құран оқытылып, дұға бағышталды.

Нәтижесінде, I орынды «Сарытерек» командасы, II орынды «Нарманбет-1» командасы, III орынды «Жәмші» командасы қанжығалады. Әр команда арнайы мадақтамамен, медальдармен, кубокпен және ақшалай сыйлықпен марапатталды. Сонымен қатар, «Үздік ойыншы» номинациясымен Нұраскар Абзалбек (Нарманбет-1), «Үздік байланыстырушы» номинациясымен Жәнібек Алиақпар (Жидебай), «Үздік шабуылшы» номинациясымен Олжас Ақшолқ (Сарытерек), «Ең жас ойыншы» номинациясымен Құрманш Мұхтар (Нарманбет-2) атты спортшылар шеберліктерімен көзге түсіп, әрқайсысы ұйымдастырушылардың мадақтамаларымен және ақшалай

сыйлықтарын еншіледі. Осы ойында белсенділік танытып, ат басын тіреп келген өзге командалар да елсіз қалмады. Атап айтсақ, «Нарманбет-2», «Жидебай», «Қарынши», «Семсер», «Шашубай», «Шабанбай би» командалары Алғыс хатпен және ынталандыру сыйлықтарын қанағат тұтты.

Қорыта айтқанда, ауыл тұрғындарына серпіліс сыйлаған, жақындарына Рымхан әкеміздің аты ұлықталған күн болды. Әуелі Аллаға сансыз шүкірліктер мен мақтау-мадақтаулар айта отырып, екінші әр ісіне мығым, мәрттік пен тектіліктің көрінісі, сабырлы мінезімен сыртқа үлгі, беделі биік, аз сөзбен көп іс тындыратын, алған бастаманы соңына дейін жеткізетін жауапкершілік иесі Балқаш қалалық спорт клубының басшысының орынбасары Қанат Ордабаев ағамыз бен Әл-Фараби атындағы орта мектептің дең шынықтыру пәнінің мұғалімі Жасымхан Нұрғабұлға және М.Ержанов атындағы орта мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Сопыжанов Тілек бауырларымызға Жақыпбаевтар әулеті атынан ерекше алғысымызды білдіреміз.

Бұл турнирде жарғақ құлағы жастыққа тимей бірізділікпен қызмет жасаған, аттын жалында

АБ

Аса құрметпен: Жақыпбаевтар әулеті, балалары – Мадияр-Ардақ, Бағдат-Әсем.



Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл



## Ахмет Байтұрсынұлының Қарқаралыдан қуғындалу себебі

Ол заманда полиция бақылаудағы кісілердің хатын заңсыз оқи беретін. Уәлихановтың наразылық пен қарсылыққа толы «Сот реформасы туралы» атты Үкіметке 1862 жылы жолдаған жазбасы да бар: «Әр ұлттың өзін-өзі билеге құқығы барлығын жоққа шығару үшін қандай да болмасын

Біздің Ахмет Байтұрсынұлы есімі алғаш рет «Қазақ тілі» газетінде жарияланған М.Әуезовтің «Есіл Қарқаралы» әңгімесінде аталыпты. Әуезов өз мақаласында Семей облысына қарасты, Қарқаралы уезінің 1921 жылғы күнін әңгіме қылғанда оқырманға қаланың өткен замандағы мінездерін еске салуды да ұмытпай: «Қазақтың алғашқы қамқор ақыны Ахмет не айтты, естерінде бар ма? О да «өнеріне сүйсінген» жоқ па еді: «Хош, сау бол Қарқаралы, жуылмаған, айдай бер қалса адамың қуылмаған...» оқырманға сауал жолдайды.

Иә, Аханның, Ахмет Байтұрсынұлының XX ғасыр басында тұтқындалып, қамауға алынып, еркінге айырылып, Семейге түрмеге айдалып бара жатып айтқан өлең сөзі Қарқаралыда жазылғаны көпшілікке белгілі. Әуезовтің әңгімесінде А.Байтұрсынұвқа берген анықтамалық мінездемесі заңдылық және құқықтық тұрғыдан алғанда жалғыз Аханның уақыты емес, тіпті, одан әрі Шоқан Уәлиханов заманына әкеледі. Әуезов әңгімесінде А.Байтұрсынұвты «Қазақтың алғашқы қамқор ақыны» депті. Онысы рас, А.Байтұрсынұв XX ғасырдың басында қазақтың сөзін қаймықпай сөйлеген қалам қайраткері еді. Бірақ, Әуезов айтқандай, алғашқы емес, қазаққа қамқор болған азамат, бірінші қалам қайраткері, ғалым, ақын Шоқан Уәлиханов болатын. Ақындық дегеніміз – өлең құрастыру ғана емес, ол адамның көңіл-күйі, жүрек сыры. «Көңілдің жайлауынан ел кетпей». Қазақстан Республикасының 1993 жылғы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» туралы Заңының, Ақтау заңының кіріспесінде мемлекет өзінің алдына жаппай қуғын-сүргіннің барлық құрбандарын ақтауды мақсат етіп қойғанын мәлімдейді. Түзу сөзге салсақ, бірінші кезекте Шоқанға жаппай саяси қуғын-сүргін құрбаны мәртебесін беруге заңды, құқықтық жол бар сияқты.

Айтар ойымыз, жазар сөзіміз дәлелсіз болмасын, Шоқанның 1862 жылы 6-желтоқсанда А.Майковқа жазған өз хатынан дерек келтірейік. Хат ұзақ, Петербурдағы үлкен адам, ақын, ғалым А.Майковқа жазған, біз тек қана тақырыпқа қатысы бар үзіндісін ұсынамыз. Сонымен, Шоқан не депті: «Менің Сібір үкіметіне қалай қарайтындығымды сіз, тегі, Достоевскийден естіген боларсыз, мен оған Сібір үкіметінің маған бұратана ретінде қарауына байланысты болған бір оқиғаның жайын жазғанмын. Сібірде бұратана халықтарға ит қосып талатпайды демесеніз, одан басқаның бәрін істейді. Міне, менің жайым сондай, сүйікті Аполлон Николаевич». Енді, міне, хаттың бізге қажетті ең маңызды тұсына келдік, Шоқанды тыңдалық: «Жағдай нашар, алайда, Мәриямұлы Иса Мәсіхтей бар азап-қайғыны көтеріп келемін, бірақ, наразымын тағдырға, оны да жасырмай жария еттім жаһанға. Қарсылық білдірген де дұрыс қой, одан тіпті ешбір мән шықпаса да». Назары болсаң, қарсылық білдірген де дұрыс. Шоқан көріп отырсындар, қаймықпаған, наразылығын ашық айта білген.

билік етуші үкімет халықтың еркін қозғалысын болдырмауға тырысып бағады. Өртүрлі сырттан танылған «революция», «реформалардың» бәрі де қазақ ұлтының жалпы адамзаттық өркениет жолымен, өз ерік-жігерімен еркін өсіп-өнуіне келергі, қиянатшыл, ұлттық рухты күйретуші күш болған соң қазақ халқы үкіметке сенбейді» деп. Халықтың еркін қозғалысы. Теңдік пен татулық үшін. Қазіргі заманда «реформа» дегеніңіздің мән-мағынасына келесідей анықтама берген абзал: сыбайлас жемқорлықтан бұзылған қоғам мінезін түзету, адамшылыққа оралу, хайуандықтан арылу. Орыстың ақыны А.Майков Шоқанның тағдырын дұрыс бағамдап айтқаны: «Шоқан, сіз өз үйіңізде пайдалы қайраткер бола алмайсыз, өйткені сіз Батыс Еуропаның білімін, ғылымын игерген Шығыс ойшылысыз. Сіз ол ортаға сыймайсыз, өйткені сіз тым сауатты, ғалым адамсыз және де пысық емессіз. Ол жаққа сіз әлі керек емессіз, онда жай ғана, қарапайымдылау шындалған қозғаушы күш керек».

Маңғаз Майков көре білгендей, колониальдық күйретуші күшке қарсы тұра аларлық халықтық қозғаушы күштің қайраткерлер тоқыны Шоқан мен Абайдан кейін сахнаға шыға бастайды. Абайдың ақындыққа келуінің өзі оның халықтық еркін, азаматтық қарсылық жолына Шоқанның наразылығындай наразылық көңіл-күйден туған қарекет. Абай – қазақтың оқуы мен әдебиетінің гүлдену жолына түсуіне бар ынта-жігерімен қозғаушы күш болуға кызмет еткен қазақтың қалам қайраткері. Абай – атақты Кеңгірбай, Ырғызбай, Өскенбай, Құнанбай сияқты қазақтың билер мектебінен шындалып, қара сөзде суарылып, суырылып шыққан құқықтық қозғаушы күш болатын. М.Әуезов «Есіл Қарқаралы» әңгімесінде Достоевский, Гоголь сияқты ойшылдармен қатар, Ахмет Байтұрсынұвтың есімін атауында заңды, құқықтық негіз бар болатын. Себебі, А.Байтұрсынұв 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарыққа шыққан «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында Абай сөзінің тамырын адаспай, тура тапқан еді. Сондықтан да, Әуезов «Қарқаралыдай бұзық кірлі қала жоқ» деген Достоевскийдің сынымен бірге А.Байтұрсынұвтың «Хош, сау бол, Қарқаралы, жуылмаған, айдай бер қалса адамың қуылмаған» деген өлең сөзін бір мақалада келтіреді.

Сонымен қоса, Әуезов Қарқаралыдан А.Байтұрсынұвтың қуғындалу себебін де анық тапқан. Бұзылған, кірлі қала Қарқаралы малын бағып, жай жүрген, қарапайым қазақтың қаласы емес-тін. Қарқаралы 1822 жылдан бері ұлықсыған орыстардың, ел жуандарының, бұралқы бұзықтардың, алаяқтардың ұясына айналды. Міне, осы бір тоғышар топ қазақ қамқоршысы А.Байтұрсынұвты қуғындауға мүдделі болды. Өйткені, қарусыз қыр қазағын зорлық-зомбылықтан қорғайтын қуатты қалам Ахмет Байтұрсынұвтың қолында ғана еді. Мұстафа Шоқай шетелде шыққан естелігінде «Ежелден Түркістан өлкесіндегі қазақ

ұлт-азаттық қозғалысының орталығына айналған Орынборда шығатын «Қазақ» газеті А.Байтұрсынұв пен М.Дулатовтың қуатты қаламының арқасында қалың елді аузына қаратқан» дейді. Біздің М.Шоқай кезінде А.Байтұрсынұвты ғұлама ғалым, дарынды жазушы деп те бағалаған. Ақ патша құламай тұрған уақыттағы Абай наразылығының туу себебін дұрыс аңғарып анықтаған Ахмет Байтұрсынұв болды. Ахан ғұлама ғалым болған соң, басқалардан гөрі Абайдың ісін анығырақ сезе білген. Ахан хақим Абайда шеберлік, сыншылық, білімдік барын атап көрсетіп, бұлардың үстіне Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған дейді. Яғни, Абай сөзі үлгі тұтуымызға, басшылыққа алуымызға лайық, заң нормасы іспеттес сөз. Тұрмыста тұрақты терминге айналған «норма» сөзі алғашқы бетте заң, құқыққа ешбір қатысы жоқ еді, ол «құрылыс бұрышының дұрыс-бұрыстығын тексеретін арнайы құралдың» атауы ретінде алғаш I ғасырда атақты Рим архитекторы Витрувийдің еңбектерінде көрініс берген. Норма термині латын тіліндегі «posco» сөзінен келген, мағынасы «таным, талдаймын, зерттеймін, сынаймын, қабылдаймын, білемін, қолымнан келеді». Сол себепті, біз Абай сөзін өзіміздің ісіміздің дұрыс-бұрыстығын тексеретін арнайы құралға айналдыруымыз қажет. Президентке де, Перзентке де – Абай бола біл демекпіз!

Ахмет Байтұрсынұв «Қазақтың Бас ақыны» атты мақаласында Абайдың қазақтың көркемөзінде көсемдікке, жалпы өлең жазуға неге келген себебін де тап басып айтқан. Абай қазақ өнеріндегі мінезсіздікке, өз өңіріндегі замандасына разы болмай, өркірік заманына наразы көңілі азаматтық қарсылыққа апарды. Абайдың жастық шағы қазақ елін, жерін орыс империясы отарлап басып алған, қазақтың соңғы ханы Кеңсарының басын алған, болыстық пен билікті сатып алған, жалынып, бас ұрып алған заманда өткен. Кімнен сатып алады болыстықты? Ұлықсыған орыстан. Патшаның әкімшілігінің Губернатор мен ояздан. Кімге жалынады? Ұлықсыған орысқа. Губернаторға, оязға. Патша әкімшілігіне. Кімге бас ұрады? Арқасынан қаққан ұлыққа. Шаңді шекпен жапқан орысқа. Қолына бар ауылдың, бір болыстың бюджеті қолына түскен соң болысекең не іздейді, не қалайды? Баяғы сол мақтан! Содан келіп, ел ақтаған, сыйлық дәмектең, өнін сатып нәрсе алатын ақын іздейді. Табады да, өйткені қайыршы, тіленші, ақындар мен өлеңшілер біздің өлкеде өріп жүрді. Жұмыс жоқ, қолы бос, шаруаға олақ өлеңшіл жұрт сұмырай сұрамсақтар сапын құрағалы қашан. Намысты замандағы жетесінде санасы бар топ басы, ел басы жоғалып біткен, ел шаруасын жетілтетін жүйе де жойылған, ел-күйреген, өз ыркы өз қолынан кеткен елдің өлеңші ақыны да азбай ма? Ақыны да азды, тозды, оңды-солды сөзді сатты, би-болысы арзанға сатып алды. Абай сонда не істеді? Абай 13 жасынан әкім әкесінің тәлім-тәрбиесін көрді, ерте есейді, үйлі-баранды болды, ел басқару ісіне де, өз шаруасына да иелік етті. Бар болды, бай болды. Бар байлық-барлық, білім-біліктілік Абайға еркіндік берді. Еркіндік поэзиямен тең түсуге мүмкіндік әкелді.

Өлеңші ақындар ортасындағы қайыршылық, тіленшіліктің себебі ақылсыздық пен надандық екенін Абай өлең білген соң, өлең жазуға түскен. Ғұлама ғалым А.Байтұрсынұвтың сөзі бойынша, Абай өз заманындағы ақын, өлеңшінің өнерін зерттеп, барлап, сынап барып, жан-жақты танысып,

біліп жетіп, толысқан сәтте наразы көңілден өлең жазуға кіріскен. Өмірге наразылықтан туған азаматтық қарсылық поэзиясын әкелді. Абайдың наразылығы ескі ақындар көр-жерді өлең қылып, жоқтан қармап қазақ өлеңінің қадірін кетіргеніне қарсы шыққан наразылық еді. Абай, ақымақтық пен надандыққа көріне қарсылық ретінде өзгеге үлгі-өнеге берерлік өлең жазбаққа бел байлады. Бұл іс Абай қолынан келді де, халықтың еркін қарсылық қозғалысы Абайдың сөзін, өлеңін тез қабылдады. Абай қазақтың жазбаша әдебиетін жаңадан жасап шыққан, айналасына үлгі-өнеге көрсеткен классик, көсем қалам қайраткері. Сол себепті ғалым Ахан хақим Абайды қазақтың бас ақыны деп атады. Бірақ, шынын айтсақ, Абайдың жеке өз басы өзін ақын деп еш жерде жария етпеген. Абай сол кезеңдегі қоғамдық дамудың барысын дұрыс ұғып, жіті көре білген ойшылдың бірі. Тұрмыс, мамандық, кәсіп, іске, шаруашылығына келер болсақ, Абай – сот, Абай – заңгер. Абай – билік еткен адам. Абай – бар қазақтай адам баласы. Абай – адаспай, тура жол іздеген хақим. Ақындық Абай өнерінің бір ғана қыры, ол өлеңді өзінің күресіне қажетті құрал ретінде жұмсады. Абай қазақтың ұлттық мүддесін қорғауға қажетті құралы – азаматтық еркін қарсылық қозғалысының құқықтық негізін қалап берді. Қарулы көтерілістің, көріне шыққан қарсылықтың бәрі қанмен аяқталатынын білген Абай бейбіт, тыныш жол тапты. Халықтың еркін қарсылық қозғалысы. Біз, делі Абай, жастарды малды қалай адал жолмен табуды үйретсек, үйретушілер мен үйренушілердің қатары көбейсе, біз ұлықсыған орыстың жалпыға бірдей заңы болмаса, заңсыз қорлығына көнбес едік. Үйрету үлкендердің ісі, міндеті. Адал қызмет етпек – жастарға үлгі-өнеге болмақ. Абай таңдаған жол – заң арқылы құқықтық тәртіпке қол жеткізу. Қазіргі кезеңде біз Абайдың малды адал жолмен табу идеясын мың мәрте қайталай отырып, елге еріксіз жағтатып, жадына сіңіре беруіміз қажет. Қайталап айтудан жалықпауымыз қажет.

Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел! Сөз – бүкілхалықтық еркін қарсылық қозғалысы. Әлемдік коррупцияға қарсы. Коррупция жалғыз біздің елде ғана болса, оған баяғыда-ақ тыйым салынар еді. Тоқтау айтпау, тежеу қылмау төңкерісшіл топқа тиімді. Қазаққа Күдай берген Сөз көрінген жолашуыға ере беретін бұралқы ит емес! Сол себепті, біз Сөздің бар жанрында жаңа сапа, әділ сана іздеуіміз қажет. Қолға қалам алған адам – Сөз сапасына жауапты. Сыйлық емес, сапа іздеуге міндеттіміз.

Сапа – саналылықтан туады. Саналы болмақ – Абай болмақ! Абай бол! Сый дөмпте, сый алма! Өз ақылына, еңбегіне сен! Абайдың үлгісімен қазақтың бас адамдарына ақылдас, ойлаң, ынтымақпен іс қыл деп Қарқаралыдан хат жазған Ахмет Байтұрсынұв бол! Сыншы ойға құлақ сал! Мысалы, қазіргі қазақ қоғамының кітап оқудан бас тартуы – наразылықтың, қарсылықтың бір түрі. Назарылықтың себебі – қисыны кеткен сөз. Сөз – қисынымен қызықты. Қисыны жоқ сөзден адам баласы қажып бітті. Көңілі қалды, қарны ашты. «Бетін басты, тұра қашты». Ойын-сауық ауылына безді. Бірақ, ол жақта да анық, айқын, қадірлі өнер тапты ма, әлде тағы да бағытынан адасқан жұртқа кезікті ме, кім білсін? Анығын танып, ашып айттып берер Ахмет Байтұрсынұв та жоқ...

Марат Азбанбаев.  
«Ortalyq Qazaqstan» газетінен алынды.

Рухани жаңғыру

(Жалғасы. Басы газеттің өткен санында).

«Халқына шырақ, бакыт әкелсін» – деді де, әңгіме желісін Әлихан Бөкейхановтан бастап, шахмат тақтасындағы ойындай кезекпен сөзін жалғастырғанды.

– Әлихан Бөкейханов ұлт-азаттық қозғалысының басшысы ғана емес, алты Алаштың пірі, рухани көсемі болды, оны тарих та мойындайды. Мен Әлиханмен бірақ рет жүздескен жанмын. Оның өзі қасқағым сәт қана. Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткері Смағұл Сәдуақасов дүниеден озған күні еді. Бастапқыда Разгуляев зиратында жерленді десе, жемеге келген күні неге екенін қайдам, Дон зиратына ауыстырғанды.

Москвада тұратын және оқитын қазақ жастары марқұммен қоштасуға нөпір болып жиналды. Солардың арасында шағын топ оқшау тұр. Үздік-создық келушілер осы топқа әдейілеп бұрылып қол алысып, өтіп жатты. Күн шытымыр аяз, бет қариды. Көпшілік арасынан сына тауып мен де сол

гәолог болатын. Кезінде Жезқазған кен орнының ашылуына Қаныш Сәтбаевпен қатар, Үкітай Бөкейхановтың да сіңірген еңбегі көп. Ол да КГБ тарапынан қуғын-сүргінге ұшырады. Әкесі Әлихан ақталардан екі жыл бұрын Хакасия жерінде жүріп қайтыс болды. Сүйегі сонда жерленді. Қаныштың: «Асылдан қалған тұяқ еді, оған да Қазақстаннан топырақ бұйырмалы», – деп өкіне айтқаны есімде қалыпты. «Сол Үкітайдан қалған тұяқ бар. Мәскеуде тұрады», – деп маған Қайдар Арыстанбекұлы айтып еді.

Ал, өз басым Алашорданың бас прокуроры һәм ұлтымыздан шыққан тұңғыш заң магистрі Ақбайдың Жақыбын көрген де, кездестірген де емеспін. Бүгін орталық басылымдарда Жақаң туралы жиі жазылып, тың деректер де көтеріліп жүр ғой. Жақаңның тарихта өз орны бар. Мына игілікті істерін сол аптал азаматтарды тарих төріне апарар жол іспеттес, – деп еді. Тегі Жақып пен Әлихан ұрпақтарымен Хайдар ағаң жақсы араласып тұрады деп



# Жолдаудан туған бір үзік сыр

(Естелік эссе)



топқа тақай түстім. Москвада үлкен қызмет атқаратын Тұрар Рысқұлов пен Нығмет Нұрмаков ағалар көзге оттай басылды. Ортада дембелше дәнелі, кияқ мұртына ақ кірғең, шокша сақалы салалы, жүдеу өнді ақсақал сол қолыммен жастау әйелді қолтығынан демесе, оның оң жағынан Тұрар сүйемелдеп тұр екен. Ақсақалдың сол жағынан Нығмет орын алыпты. Көбіне ақсақалға күбірлеп сөйлеп тұрған Нығмет еді. Ана кісі оған басын ізеп қана жауап беріп тұрды. Келушілер ең алдымен ақсақалдың қолын ұстап, содан соң кезекпен көңілдерін білдіріп өтіп жатты. Орта жастағы ұлты орыс нәсіліне ұқсас жан ақсақалдың қолын ұзақ ұстап тұрып, көңіл айтты. Мен де осы сәт иін тірескен ортада жас шамасы өзіммен шамалас жігіттен: «Мына кісі кім?», – деп иек қақтым. «Танымайсың ба?», – деп таңқалды. «Атақты Әлихан Бөкейханов қой, қасындағы қызы – Элизавета, марқұм Смағұлдың зайыбы», – деп сыбырлады. Мәскеудің төрінде отырғандардың ортасында аты белгілі экономист-ғалым болатынды. Қызы әкесінің иығына әлсіз-әлсіз басын салып күйзеліп-ақ тұр. Мен де Әлиханның қолын алып, одан соң кезекпен көңіл айттым. «Алла жарылқасын!» – деп Әлихан аға бас иді. Міне, Әлиханды алғашқы және соңғы көріп, жүздесуім осылай есте қалды. Сол күндері ақын Мағжанның Смағұлға арнап жазған арнау өлеңін Мәскеудегі қазақ жастары жатқа айтып жүрді. Мен де білетінмін. «Еліне барған соң, ұмытпай тауып оқы!» деген.

Орындағанмын:  
«Аққуы жоқ, қазы жоқ – көл жетім,  
Шүйгіні жоқ, шалғыны жоқ – жер жетім.  
Смағұлдай арысынан айырбылып,  
Қайран қазақ, болдың бүгін сен жетім», – деген өлең шумақтары еді.

Толқыған дария сабасына түсіп, тына қалған Терезеге жүзін беріп, ойлана қалыпты.

– «Өмір – керуен» деген бабаларымыз, сол рас. Көшесінде жүресің. Мәңгілік ештеңе жоқ. Әлиханнан Үкітай атты ұл қалды. Тұр-әлпеті әкесіне келетін қоңырқай өнді, қапсағай дәнелі, аса төзімді жан еді. Тұлпардың тұяғымен жұмыс бабында араласып тұрдық. Мамандығы

сырттай естігенмін. Уақыт тауып жолық! Ол бір жағап жаң, – деп еді Димаш аға. Бұл өз алдына бір тарихи әңгіме.

Қайдар Арыстанбекұлын ертеден жақсы білетін едім. 1919 жылы 19 наурызда бұрынғы «Шұбартау» кеңшары (қазіргі Абай округіне қарама-қарсы) Қусақ өзенінің бойындағы жалғыз еңселі күмбез Қайдар ағаның бесінші атасы Тобышақ мазарының төңірегінде өмірге келген.

Қайдар Арыстанбеков – экономика ғылымдарының докторы (1954), профессор, ҚР Ғылым Академиясының мүшесі (1962), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері (1968), V сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінің және 4 рет Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты. 1963-1981 жылдары Қазақ ауыл шаруашылығы институтының ректоры. «Ақтоғай ауданының құрметті азаматы» (2007).

Қайдар ағаның екінші жары Аспазия Жақыпқызы екенін көпшілік жұрт біле білмейді. Үш ұрпақ өмірге әкелген Замира Қайдарқызы белгілі мемлекет қайраткері, қазір дипломатиялық қызметтегі Бақытжан Мұхамеджановтың зайыбы. Жалпы, Қайдар аға жөнінде бұдан да басқа сыр шертер әңгімелер көп.

\* \* \*

Әлден уақытта терезеге ауған жанарын маған бұрып:

– Қызметім газет редакторы дедің бе?

– Солай, – деп бас изедім.

– Журналистер блокноты толғанша босатпай-ды! Езу тартып жымып алды. Аққұмандағы шай қайта жанартылды. Танертенгі шабан аттай жылжымаған уақыт, енді аққан судай зымырап барады. Шөлдеген көңілдің сусыны әлі басылар емес. Димаш аға сөйлесе, тағы да сыр шертсе деймін-ау. Соны сезгендей.

– Ақбайдың үлкен ұлы Ыбырайдан туған Зүфнүн атты қызы Алматыда тұрды. Сол кісі өткен ғасырдың 70-інші жылдары менің қабылдауымда болды, – деп сөз бастады, – Ағасы Жақып жолдасы белгілі қоғам қайраткері Нығмет Нұрмаков жайлы біраз деректерді құлағыма салған еді. Өте бір қажырлы жан екен. «Халық жауының» зайыбы ғұмырының 17 жылын айдауда қапас түрмеде өткізіпті. Жалпы

Ақбайдың тұқымы, үрім-бұтағы қуғын-сүргінді көп көрген ғой. Соны Зүфнүн былайша айтқан еді. Димаш аға орнынан тұрды да, келесі бөлмеден қолына қалың дәптер ұстап, қайта оралды.

– Естелікке енгіземін бе дегенмін, оқып берейін: «Қарқаралының қарағайындай көп едік. Берікқарадай кең едік. Енді ұшқан құстай, сіңген судай болыппыз». Қандай мірдің оғындай сөз. Қолындағы дәптерді үстелдің үстіне жылжыта салды.

– Берікқара тауынан 19-ғасырдың аяғында патшалық Россия бірнеше жыл кең өндірген. (Берікқараның асты кең, үсті сыңсыған аққайыңнан қабырғасы қайысса, келімсектер шетінен отап қыркып, кең қорығуға пайдаланғандықтан, бүгінде селю-селю тұқымы ғана бізге жеткен. **Авт.**)

– Кезінде сізді де Әлімхан Ермековтен дәріс алыпты деп естідім. Көңілдегі сұрағымды сәл үзілісте қыстыра қойғанмын.

– Ермековтердің шаңырағын ежелден құрмет тұтатыным рас. Ол – Әлекеннен дәріс алғаныман емес. Білгенге Ермековтердің шаңырағы білім мен ғылымның ордасы. Сондай шаңырақты қай қазақ құрмет тұтып қадірлемесін?!

Расында Димашаға мектепқабырғасында жүріп, институттың дайындық курсына да қоса қатысыпты. Жоғарғы математика пәнінен Әліаған лекция оқып, біраз уақыт дәріс береді. Димаш аға Әлімханның алдын осылай көрген.

– Жарықтық Әлімхан білімнің қара сабасы еді ғой. Табиғатта күн мен түн өз кезегімен ауысып тұратындай, қазақ ұлтының тарихында Әлімхан Ермековтің ұрпақтан-ұрпаққа ауысатын жарқын еңбектері қалды. Оны ешкім жоққа шығара алмайды, – деп, Димаш аға толғанғанды.

Әлекеннің отбасымен ұзақ жылдар Димаш аға жақсы сыйласымдық қарым-қатынаста болыпты. Соның бірін Димаш аға былайша әңгімелеген еді.

– Мәскеуде студентпін. Алматыға орын болмай, жайсыздау вагонның біріне іліктім. Мен отырған вагонның екінші басы милиция күзетінде екен. «Әлімхан Ермековті осы вагонда арнайы күзетпен алып келді» дегенді естідім. Жолын

тауып жолықтым да. Қатты жүдепті. Воронеж түрмесінен Алматыға алып келе жатқанын айтып: «Үйге хабар бер», – деп, қолыма хатты ұстатты. Әлекеннің хабарын айтып, хатын табыс еттім. Женгеміз Рақия Шахабудина да ұсталып келіпті. Содан Әлекен 1958 жылы бір-ақ ақталды.

Өмірінің соңғы жылдарын Әлекен Қарағанды қаласында өткізді. Алматыға келгенде соқпай өтпейтін. Бір жолы: «Димаш, Ахмет Байтұрсынұлы ақтайтын уақыты жетті», – деп, маған салмақ арта сөйлегенді. Жалғыз Ахаң емес, бір топ қазақтың зиялылары ақталып, жұлдыздары жанды. Сонда Әлекен телефон шалып: «Димаш, жүз жасқа келіп-келмеуім – Алланың қолында. Бүгін сенсең, мен сол жасқа толып отырмын», – деп, қуанышын жеткізгені есімде.

Бұдан кейін қайтыс болар жылдың алдында арнайы келіп жолықты. Кабинеттен бірге шығып, Зухра Шәріпқызының дайындаған түскі асын бірге іштік. Профессорлық пенсия алады екен.

«Ақшасын азсынып, не атақ қуды деме», – деп, Әлекен маған тура қарады. «Әлімхан атым бар ғой! Одақтық дербес пенсия дәрежесін өзін айтпасам, былайғы жұрт күнкілдейді де қояды. Әлекеннің көкейінде: «В.И.Лениннен мандат алдым, Қазақстан шекарасын картада шегендеп бердім, Кирревкомның мүшесі болдым, Қазақстан Орталық Комитетіне екі мәрте мүше болып сайландым. Енді неқыл дейсіңдер!» – деген сөз тұрды. «Көрелік, Әлеке!» – дедім. Үлкен адам ғой, көңілі желпініп сала берді.

Димаш аға бұдан соң сәл тыныстап, ақ қырау түсе бастаған самайына салалы саусақтарын қойып, біраз ойланып отырды да:

– Абай атамыз: «Заман соққан жел» – деп айтпап па еді?! Әлекен сияқты ескі зиялы қауым өкілдеріне әділетсіздігіміз, қиянатымыз болса, ол бір басының кінәсі емес, заманның ұйытқып соққан желі ғой, – деп, әлдебір нәрсені мойындағандай мұнаа қарады.

(Жалғасы 7-бетте).



(Соңы. Басы 6-бетте).

Сол жолы Әлекең екі нәрсеге: бірі – Димаш ағаға жоғарыда Ахмет Байтұрсыннов туралы айтқан аманаты, екінші қолқасы мынау екен: «Димаш, сен Қарқаралыға сирек болса да, барып жүрсің ғой. Сол елге Арқаның ең биік тауы Қызыларай қанаттас жатыр. Талай-талай азаматты қиясынан ұшырған қасиетті жер, соға кетсең, өкінбейсің!» – депті Әлекең.

– Кеше телефоннан «Ақтоғайдағы Арыстар тойына шақыра келдім» дегенінді естігенімде, сондағы Әлекең қолқа салып әрі қызықтыра айтқан әсем Қызыларай тауының төбесі маған көрінгендей болды, – деп жатыр Димаш аға.

– Рұқсат етсеңіз, бір сауал және бір қолқам бар еді. Айтпасам, ертең өкінермін.

– «Ауызға келген түкірікті жұту – мәкрүк» дейді халқымыз. Айта бер!

– Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы сізбен хабарласып, қал-жағдайыңызды сұрап тұрады ма?!

– Зухра Шәріпқызы дүниеден өткенде көптен бірге келіп, көңіл айтқан. Одан бері жүздескен де, телефонмен сөйлескен де емес. Димаш ағаға сұрағым ыңғайсыздау болды-ау деп қобалжығанмын. Соны іштей сезіп, оқып тұрғандай-ақ:

– Абай ағамыз: «Бар адамды сүй, бауырым деп» өсиет еткенін білесің бе? Мәңде өкпе деген мүше жоқ, бауыр ғана бар, – деп жұмсақ орындыққа сүйелі тұрған мүйіз таяғын қолына алды. Жан-жары қайтыс болған соң, Димаш аға қасындағы айнымас серігі, жанына жалау, жүрегіне жамау болған Зухраға ескерткіш ретінде осы таяқты ұстапты. Таяқтың қол таянар тұсына Зухра Шәріпқызының аты мен өмірден қайтқан күнін өз қолымен ойып жазған екен. Димаш ағамыз жарымен 50 жыл 6 ай, 1 күн өмір сүріпті.

– «Жүйрік аттың қызығы сауырынан тер шыққанша» деп жатады халқымыз. Ал, ас пен тойдың қызығы өткенше. Әр істен із, таңба қалдыру керек. Тұлғалардың туған жерінде олардың мұражайы тұрса мұнда. Ұрпағына көз тігіп, ескерткіші тұғырда тұрса қарап, қандай ғанибет?! Бұл ұрпаққа, сендерге аманат, – деп, балғамен шеге қакқандай салмақтап тұрып айтқанды.

– Өткенде Ақадырдағы Ағыбай батыр асына жол түспеді. «Әулие-әмбиелерге тәжім етіп, дұға жасатамын» деп алдынала жоспарлап қойған едім, одан аттап кете алмадым. Домалақ анамыздың басында, Қожа Ахмет Яссауи мен Тәле би жатқан қасиетті мекендерде болып

қайттым. Биыл қыркүйектің басында Мұхаммед Пайғамбар жатқан қасиетті Мекке Мединаға бару ойымда бар. Оған «бейшара» жүрек көңсе... Сәл езу тартып, жымып алды. Қазақстан сияқты мемлекеттің керуен-көшінің басы-қасында жүрген 50 жылда ыстық-суығына қақталған жүрекке көрлік келіп қиліккенде, денсаулықтың нәсін сұрайсың деген ойдың тұмшалап жатқанын сезгендей болдым.

Үш Арыстың тойына шақыру билетін беріп тұрып, Димаш ағадан келуін қинала сұрағанмын. «Бару-бармауымыз дәм біледі. Ал, енді қолқанды айт!» – деп еді сәлден соң.

– Аға, сізбен кездесіп, бақұлдасқаным бәрі бірдей сөз бермес деген ойдан аулақпын. Құралақан қайтпайың, туған еліме, Ақтоғай жұртына батаңызды беріңіз, – дедім де, беті ашық блокнотымды көлденең тарта қойдым. Ұлылығын кішілікке жендірген қайран Димаш аға! Қаламын алды да, ойлана жазып: «Панам да – ел, данам да – ел, мен соған арқа сүйенгенмін!» – деп, блокнотымды алдыма ысырып қойды. Қуанғанымнан ба, әлде қысылғандықтан ба, маңдайымнан суық тер бұрқ ете қалғанды...  
Төбіренген көңілім басылмай, ХХ ғасырдың біртуар перзенті Димекең сынды ұлы адамды көру, қасиетін нәр алу бақытына ие болып, сыртқа шыққандым, талтүстің шуағы төгіліп-ақ тұр екен. Шыдамсыздана блокнотты ашып көз жүгірткем:

### «Қымбатты ақтоғайлықтар!!!

#### Еңбекте табыс, өмірде бақыт тілеймін!

22 тамыз, 1992 жыл

Астында Димаш ағаның мөлдіреген қолы тұр.

Мен сол күні өзгелерден өзімді бақытты сезіндім...

\* \* \*

Ақтоғайда үш Арыстың тойы өтті дүрілдеп. Аудандық «Арқа еңбеккері» газетінің сол күнгі мерекелік саны 6 бетке қатталып шыққанды. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қолаға қуылған батасының клишесін мақаланың ортасына ойып тұрып жариялаған едік.

Тағы бір есте қалғаны, Москвадан Үкітайдың ұлы Петр, Әлиханнның шөбересі Евгений аталарының табаты тиген топырақты басып мерейлері өссе, енді бірде ақбоз аттың үстінде көңілдері тасып жүрді. «Өлгеніміз тірілді, өшкеніміз жанды» деп аудан жұртшылығы қуанған.

\* \* \*

Димаш аға Ақтоғайда өткен тойға қатыса алмады.

Жаратқан Иенің күштисі-ай! Арادا бір жыл 1993 жылдың 22 тамыз күні Алатаудай басы төмендемеген, артынан бір ауыз бұратана сөз ермеген, ақыл мен парасаттың қайнар бұлағы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев дүниеден қайтты.

Қара ормандай халқы күңірөңді. Өкісген көңіл қаяулы жүрек. Сол бір ұлы перзенттің рухы, бүгінде өзіммен бірге жүргендей сезінемін.

\* \* \*

Орындалған аманат: 1998 жыл Димаш ағаның: «Арыстардың туған жерінде ұрпақтарына көз тігіп ескерткіші тұрса, бұл сендерге, бүгінгі ұрпақтарға аманат» дегені, тәубе, орындалды. Аудан орталығы Ақтоғай ауылының ортасында бұрынғы Ленин ескерткіші тұрған орынға үш арысымыз – Әлихан, Әлімхан, Жақыптардың нық тіресіп тұрған әсем де зәулім ескерткіші бой көтерді. Үш Арыстың қатар тұрған бейнесін әуелі қарындашпен қағазға түсірген «Арқа еңбеккері» газетінің фототілшісі марқұм Мәділхан Кәдірбеков болса, ескерткішті қоладан құйып сомдаған «Қазақ ССР-нің еңбегі сіңген мүсіншісі» Жаубасар Қалиев деген азамат еді.

Ол кездегі аудан әкімі бір салада бұрын қызмет атқармасақ та, бір-біріміздің төбемізді көріп өскен, өзін оқшаулау ұстайтын замандасымыз Тәлеужан Ахметбеков болатын. Біріміз – басшы, біріміз қосшы болған игілікті іске, аудан жұртшылығына рахмет, қызу қолдау көрсетті. Қатар жүрген көптеген азаматтар да ерекше тер төгіп, қызмет етті. Сол жылы қосылған екі ауданның бюджетінің қоржыны небәрі 858 мың еді. Тиынына залалымыз тиген жоқ. Мен онда мәслихат хатшысы қызметінде едім.

\* \* \*

Автордан оқырманға ескерту: 2002 жылы Д.А.Қонаев туралы «Елу жыл – ел ағасы» атты естеліктер кітабын құрастырушы әрі редакторы Серік Әбдірайымов деген журналист маған телефон шалып: «Қонаевпен диалогқа сұхбатыңыз қолымда тұр, тақырыбына «Көргені де, көңілге түйгені де көп екен» деп өзгерту өткізіп, қайсыбір штрихтарды қысқартуға тура келді. Оған рәніш болмасын. Естелік кітапқа ену үшін авторлық келісіміңіз керек» – дегенді.

Араға 20 жыл салып, Д.А.Қонаевтың туғанына 110 жыл толуына орай естелік ізімен қайта жаңғыртып жазуыма тура келді.

Махмұт ЖАРЫЛҒАП,  
Ақтоғай-Балқаш-Алматы.



Туған жер әрбір адам баласы үшін қасиетті, қастерлі ұғым екені белгілі. Қашан да, қай заманда да, қандай жағдайда да туған жерге деген махаббат әр адам баласын алға жетелеп тұрады. Кешегі қиын-қыстау заманда ата-бабаларымыз кең байтақ даламыз үшін, туған жеріміз үшін қасық қаны қалғанша күресіп, қаншама тер төгіп, аянбай күресті десенізші... Осынау кең байтақ жерімізге көз салған жауларға қарсы тұрып, білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап, үлкенді-кішілі шабуылдарға тойтарыс беріп отырған. Кейін келе қаншама қиын замандар мен ауыр кезеңдер орын алса да, азаттық үшін, туған жердің тәуелсіздігі мен тыныштығы үшін барын салып, жанын қиған батырлар мен зиялылар қаншама.

Бүгінгі таңда, сол қиын-қыстау замандарда елден қол үзіп, жырақ кетуге мәжбүр болған, алыстан туған жерді, туған өлкеңі аңсап келіп жатқан қандастарымыз Отанға оралуы күні бүгінге дейін жалғасын табуда. Әр адам баласы үшін өзінің туған жері ыстық. Әр адам баласы үшін өз туған жерінен асқан жер жоқ. Ата-бабамыз аманаттап кеткен біздің жеріміз ұшса күстәң қанаты талатын, жүгірсе аның тұяғы тозатын кең байтақ атырап. Осынау ұланғайыр даланы көзіңіз қарашығындай қорғау, шексіз сүю, әр тауы түгілі тасын да қастерлеу, құрметтеу басты міндетіміз болып табылады. Әрине, қазақ баласы үшін туған жердің қай тасы болса да ыстық қой. Дегенмен, туып-өскен, кіндік қаның тамған

жерің қашан да саф алтыннан да қымбат.

Асыр салып ойнап, балғын балалық шағым өтіп жатқан жерім, арман қуып, қиялдап, жұлдыз санаған аспаным, шаңын кешіп, емін-еркін ойнаған көшелерім, бәрі-

## Қымбаттым менің – туған жерім

бәрі қымбат. Асан қайғы ағамыз «Жер жәннаты Жетісу» деп баға берген болса, мен үшін нағыз жұмақ мекен, менің туған жерім Ақтоғай ауданында орналасқан Шұбартау ауылы.

Туған жерімдегі әрбір сәттер мен ешқашан ұмытпайтын қызыққа толы оқиғалар бір сәтке де есімнен кеткен емес. Көз жетпес шексіз даласы бойымызға дархандықты, рухани байлықты сіңірді. Биік-биік Бесшоқы, Қарашоқы, Қайыңшоқы таулары, көпжылдық ағаштары бар итмұрындар, Қарасу, Тастыбұлақ, Қусақ өзендері мен жердің көркін ашып тұратын бірін-бірі өткен Көктас, Балбалтас, Молақ ескерткіштері көзінді қызықтырып, өзіне тартып, қушақтап алардай болып тұрады. Айта берсем, тізбектей берсем өте көп. Туған жерім, туып-өскен өлке байтақ даланың ішінде орналасқан жүрек сияқты. Мені қайда жүрсек те, қайда тұрсақ та, қайда болсақ та өзіне қарай шақырып тұратындай... Себебі, дүние есігін шыры етіп ашқаннан, туған жердің топырағымен ойнап, туған жердің суын ішіп, мамыражай жазда ата-анамызбен, бауырларымызбен бірге өткен уақыттың, алғашқы дос пен құрбыны жолықтарған шақтың, ешбір уайымсыз өткен, ешбір өкінішсіз өткен

балалық шақтың куәсі – туған жер, туған өлке. Менің туған жерімнің сұлулығы сөзбен сипаттауды қажет етпейтін, көзбен көріп, жүреппен сезінетін өлке. Жай ғана өздігінен қатар өскен ағаштар

мен сыбырлап ән шырқап тұратын жапырақтар, бір-бірінен әдемі қызылды-жасылды гүлдер, бүкіл адамды өзіне ынтқытырып тұратын өзендері, табиғаттың сұлулығын одан сайын ашып, айшықтай түсетін жануарлары мен құстары, әрбір үйден естілген шуылдаған балалардың дауыстары, шаңның бұрқылына, күннің ыстық-суығына қарамай асыр сала ойнаған балалар, күндіз-түні тынымсыз еңбек етіп жүретін адамдар, есігінің алдына шығып отыратын ата-әжелер мен олардың әңгімелері, барлығы да туған өлкемді, туған жерімді, ауылымды бүкіл Еуропадан, бүкіл Азиядан сұлу етіп тұрғандай... Туған жердің тау-тасы шыңында бәрі үшін қымбат. Себебі, армансыз жүрген шақ, сәтсіздіктің не екенін білмеген шақ, арманның жетегіне еріп, қанатсыз ұшып, қиялдаған шақ, ата-ана, бауырмен бір дастархан басында күліп-ойнап отырған шақтың бәрі-бәрі туған жердің әрбір бұрышына тасқа қашап жазғандай, жадында мәңгі сақталып, жүрегіңнің қак төрінен орын алып тұрады. Әр атқан таңы көңілге сенім ұялатып, сенімді нығайтып, өмірге деген көзқарасыңды одан сайын жақсартып, сені алға жетелейтін бір үміт сыйлап, өмірге деген қадамыңды одан

сайын нығайта түсетіндей...

Міне, мен осындай тамаша өңірде туып-өстім. Көрікті жерлері мен сұлулығын танды-таңға жалғап айта беруге, суреттей беруге болады. Баға жетпес сұлулығы мен тылсым табиғаты Жаратқанның ерекше сыйы деп білемін. Мен үшін әрқашан да туған өлкем, туған жерім – жұмақ мекен!

Туған жер – адамзат баласы үшін кең дүниенің есігін ашқан, өмірге келген жер. Туған жердің әр тасы, ағын суы, ой-шұңқыры, ағашы мен шөбі, жануарлары мен құстары, бәрі көзіне ыстық, жүрегіне жақын. Сондықтан болар, әлемде ешбір жерді теңестіре алмайсың. Туған жер – адам өмірінде қастерлі, киелі күт мекен. Дәл осы жер оның өткенінің куәсі, болашағының бағдары. Міне, сондықтан болар, Отанға, елге, жерге деген махаббат пен құрмет балалық шақтан-ақ бастау алатыны.

Сөз соңын қорытындылай келе, «туған өлке тәтті екен ғой, тәтті екен!» деп ақындардың жырына арқау болған туған өлке, туған жеріміз бәріміз үшін ыстық, бәріміз үшін тәтті. Туған елдің ертеңі арайлы болуы үшін, Тәуелсіздігіміздің мәңгілігі үшін, бұдан да кемелді келешек пен жарқын болашақ үшін аянбай еңбек етіп, тынымсыз білім алып, туған жердің қасиетін сезініп, ел қамын ойлап, дініміз бен тілімізді, салтымыз бен дәстүрімізді, әдетіміз бен ғұрыптарымызды қадірлесек, діттеген мақсатымызға еш тұсаусыз жетеріміз анық.

Жанель Бауыржан,  
Қошқар орта мектебінің  
I-сынып оқушысы.

## Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, отбасымыздың алтын қазығы, әулетіміздің ұйытқысы, шаңырағымыздың берекесі, немерешөберелерінің ыстық әжесі, аяулы анамыз **Қарлығаш Жақышқызын** мерейлі 70 жасымен құттықтаймыз!



Мына өлең жолдары өзіңізге арналады:

Сіз біздің күнімізсіз жарқыраған,  
Анадан қуат алған жарты ғалам.  
Құны мен қасиеті тозбайтұғын,  
Біз үшін Ана деген алтын адам.

Анажаң, көп көрдіңіз қасіретті,  
Бұл күнде көзіңіздің жасы кетті.  
«Орнында бар оналар» дегендейін,  
Жаратқан шапағатын шашып өтті.

Әкеміз Мұрат, бірақ, көре алмады,  
Ішінде кетіп еді көп орманы.  
Аруағы оның сізге ырза шығар,  
Өзі ескен жайқалып тұр көк орманы.

Ырыс боп Тәжібай ата әулетіне,  
Келесіз бақ боп дарып дәулетіне.  
Біздерді жеткізем деп жан салдыңыз,  
Ананың бала деген бауыр еті де.

Анажаң, өрлей берсін өр кемеңіз,  
Ақтауға ақ сүтінді тер төгеміз.  
Мың жасап үрім-бұтақ ортасында,  
Мөңгілік үстем болсын мерейіңіз!

**Тілек білдірушілер: балалары, немере-шөберелері.**

## Құттықтаймыз!

Құрметті **Қарлығаш** құдағи!  
70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Өмір деген үлкен белестің тайғақ жерінен таймай, сулы жеріне батпай, отты жеріне жанбай, соқпағына соқтықпай, көздеген арман-мұраттарыңызға жете беруіңізге тілектеспіз. Ең жылы да мейірімді құттықтау сөздер көңіліңізден шығып, өмір сізді бақыт құшағында аяласын!



Жүзіңізде шаттық пен күлкі үйіріліп, бақыт бесігінде қуанышты серік етіп, тербеле беріңіз деп тілейміз. Деніңіз сау, аспаныңыз ашық болсын, балаларыңыз, немерелеріңіздің ортасында қызығына тоймай жүре беріңіз!

Ақ айдыңға салып бақыт кемесін,  
Жарқын жүзбен қуанышпен келесіз.  
Құтты болсын туған күнің, құдағи,  
Өзіңізді бір құдайым демесін!

Бәйтерексіз жапырағы жайқалған,  
Барша жұртқа жақсылығың байқалған.  
Есен болсын ұрпағыңыз көрінген,  
Ән қалықтап, күй төгілсін төріңнен!

Бақ орнасын әрдайым басыңызға,  
Жас қосылсын, құдағи, жасыңызға!  
Отбасына қуаныш сыйлап талай,  
Амандықпен жете бер жүзге қарай!

**Ізгі тілекпен: құда-құдағиыңыз – Алпысбай-Торғай, балалары, немерелері, шөберелері.**

## Құттықтаймыз!

Құрметті әріптесіміз **Мұхтарбеков Мұхит Садыханұлы!**



Ағайын мен жақын-жұрағатқа, қызметтес әріптестеріңе ғана емес, өзін білетін барша жанға сыйлы әріптесімізді 50 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз!

Тағдыр ұзағынан сүйіндірсін, шаңырақтарыңыздан лайым шаттық, құт-береке үзілмесін. Мерейлеріңіз дәйім үстем болсын, балаларыңыздың қызық-қуанышына көңіліңіз!

Құтты болсын мерейтой – 50 жасын,  
Әр уақытта домалап өрге тасын.  
Қосағыңмен қоса ағарып, шөбере сүй,  
Ешқашан да көңіліңді кір шалмасын.

**Ізгі тілекпен: «Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мекемесінің ұжымы.**

## Құттықтаймыз!



Құрметті құдағиымыз **Қарлығаш Жақышқызы!**  
Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз.

Өсіп-өнген, ұрпақ тәрбиелеген, туған-туыс, құда-құдағиларыңыз бен дос-жарандарыңыздың ыстық ықыласына бөленген өзіңізге тек жақсылықтар, қуаныштар мен бақытты ғұмыр тілейміз. Шаңырағыңызда береке-бірлік, ырыс-ынтымақ бола берсін!

**Ақ тілекпен: құда-құдағиыңыз – Бекет-Қапиза, балаларыңыз – Сербол-Эльвира, немерелеріңіз – Мадияр, Санжар, Заңғар.**

## Құттықтаймыз!

Құрметті құдағиымыз, немерелеріңіз асыл әжесі **Қарлығаш Малыбаева!**

Сізді мерейлі 70 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Осынау мерейлі белесіңізде үлкен шаңырақтың тамыры терең бәйтеректей тірегі болып ортамызда жүре беріңіз. Сізге мықты денсаулық, тірлігіңіз қуаныш пен қызыққа толы болсын деп тілейміз. Ұл-қызыңыз бен немере-шөберелеріңіздің ортасында әрдайым жүзіңізден шуақ шашырап, ырыс-нәсібеніз молайып, абырой-беделіңіз арта берсін. Әркез жүзіңнен имандылық пен ибалылық, мейірімділік пен сыйпаиылық сезіліп тұратын құдағиымызға бар жақсылықты тілейміз.



**Ізгі ниетпен: құда-құдағиыңыз – Сәулебай-Гүлнар, Нұржан-Фариза, Сержан-Келбет, немереңіз – Әлихан.**

## Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, қадірлі құдағиымыз **Қарлығаш Малыбаева!**  
Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

70-тің төріне қадам басқан ардақты құдағиымызға өмірдің барлық жақсылығын, арайлы күннің шуағын, балашағаның өркендеп өскен қызық-думанын тілейміз.

Сіз қызығы мен шыжығы қатар жүретін өнер жолында көп жыл бойы үзіліссіз абыройлы еңбек еттіңіз. Әлі де тұғырыңыздан таймай, өрелі ісіңізбен аудан өнерінің өркендеуіне сүбелі үлес қосып жүрсіз. Денсаулығыңыз мықты, өнер жолындағы еңбегіңіз табысты болсын. Балашағаныңыздың ортасында бақытты ғұмыр кешіп, алда талай мерейлі белестерге жетіп, өміріңіздің ұзақ болуына тілектеспіз. Елге сыйлы, туыстарыңызға бауырмад, әрдайым көпшіл қалпыңыздан айнымансыз!

Асыл тілек айтылады ақ ниетпен,  
Бақытты күн көрінсін көкжиектен.  
Тойыңыз тойға ұлассын дей отырып,  
Құттықтаймыз сізді біз шын жүректен!

**Ізгі тілекпен: құда-құдағиларыңыз – Марат-Шайза, Сағыдат-Күләң, Совет-Алмагүл, Сағынбек-Гүлшат.**

## Туған жерге тағзым



# Түлектер тартуы



«Туған жер» деген кезде әрбір адамның жүрегінде тулаған шабыт пен сезім ұялайтыны анық. Себебі, адам – өзінің туған жерінің төлі. Туған жерге деген сезім мен махаббаттың өлшемі шектеулі болмайды. Ол шексіз. Осы бір ерекше патриоттық сезімді әрбір азамат пен жастардың бойына етене сіңіріп, қандарына дарыту үшін, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында бастау алған «Туған жер» бағдарламасы ұсынылған болатын.

Әрбір адам өз туған жерін мақтаныш етеді, қадір тұтады. Өздерінің туып-өскен жеріне деген ерекше құрметтерін адам жанына жылулық сыйлайтын қайырымдылық шараларын жасау арқылы білдіріп жатқандар да бар. Сондай өңегелі іс биыл да жүзеге асты. Батыр атындағы мектеп түлектерінің оқу жылы соңында алтын ұяға жан-жақтан жиылып келіп, мектептің жетістігі мен жаңалығын көріп, қолдарынан келер көмегін беру дәстүрі жақсы сақталған.

Мектепте «Ашық есік» шарасы: құрметпен қарсы



алу, арнайы аралатып таныстыру, қайта оралмас кездерді еске алу, кездесу фотосын лезде шығарып беру ұйымдастырылды. Мектебімізден білім алып, алуан түрлі мамандықта абыройлы еңбек етіп жүрген түлектер өздерінің қарашаңырақтарына демеушілік көмегін көрсетті. Берілген қаражат ұқсатылып, оқу ордасының алдына заманауи үлгіде құны 527 мың теңге көлемінде көрнекіліктер жасалды. Мектепті 1982 жылы бітірген түлектерге – 40 жыл, 1992 жылы түлектерге – 30 жыл, 2002 жылғы түлектерге – 20 жыл, 2012 жылғы түлектерге 10 жыл толған екен.

Уақыт алдыға жылжыған сайын туған жер төсіндегі кастерлі орын – мектепке деген шәкірттерінің құрметі де арта берері анық. Ауылды ұмытпай, мектебінің өркендеуіне қайырымдылық қол ұшын созған түлектерге алғысымыз шексіз.

**Г.Кошкинбаева,  
«Н.Әбдіров атындағы ЖББМ» КММ.**

**Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА** Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

**Директор-Бас редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

**Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС**

**Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 1200 дана

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**

**Электрондық пошта aktogai\_red@mail.ru**

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

